

**Кімге:** Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне

**Автордың аты-жөні, лауазымы:** Даулетова Гүлмарал, Жаңақала ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

**Күні:** 14.10.2024 ж.

## АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

**Тақырыбы:** Бір реттік әлеуметтік (қаржылай) көмек тағайындау тәртібі

**Кілт сөздер:** бір реттік әлеуметтік (қаржылай) көмек, табыс көзі, күнкөріс деңгейі, масылдық, т.б.:

### Кіріспе

Мемлекет тарапынан халыққа, оның ішінде әлеуметтік статустары мен мұқтаждық санаттарына сай бір реттік және тоқсан сайынғы төленетін әлеуметтік (қаржылай)көмектерді белгілеу тәртібі мен ережелері осы аналитикалық жазбаның тақырыбына тұздық болып отыр.


Тақырыптың өзектілігі: Мемлекеттің халықты әлеуметтік қамсыздандыру бағытындағы іс-шаралардың оның ішінде бір реттік әлеуметтік қаржылай көмектердің көрсетілуі, бір жағынан тұрғындардың әл-ауқатына оң әсер бергенімен (уақытша), мүмкіндігі шектеулі емес кейбір жеке тұлғаларды масылдыққа итермелеп отыр.

Себептері: Ауылдық округтерде тұрғындар арасында бір реттік әлеуметтік көмек алушылар саны артып, осы үрдісті дәстүрге айналдырғандай, жыл сайын өтініш қалдырып отыр. Өтініш берушілердің саны жыл сайын көбеймесе, азаяр емес. Және де ең негізгі себеп, өтініш беру барысында да, әлеуметтік көмекті тағайындау барысында да мұқтаждықтың нақты себебі мен көмекті сұрау мақсаты көрсетілмейді. Сондай-ақ, қаржылай көмектің жұмсалыу бағытына есеп беру ретінде, ЖАО-мен кері байланыс жасалмайды.

Мақсаты: Жағдайды әртүрлі зерттеу әдістерімен (**PEST**-анализ, **SWOT**-анализ) талдап, зерделеп оңтайлы шешімдерін анықтап ұсыныс білдіру.

### Негізгі бөлім.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін, Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысын негізге ала отырып тағайындалған Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы бойынша бір реттік әлеуметтік қаржылай көмек көлемі мен алушылар саны келесідей (1 диаграмма):



*Ескерту:* Мына диаграммада жыл сайын айлық есептік көрсеткіш өзгеріп отыр. Әлеуметтік көмекті тағайындау жан басына 20 айлық есептік көрсеткіштен аспауымен белгіленеді.

**PEST** - әдістемесі бойынша талдау

ФАКТОР	ФАКТОРдың болуы	
	Тиімді	Тиімсіз
P (саяси)	Қарапайым халықтың Үкіметке, билікке деген сенім артуы, Заң шығарушы және атқарушы органдардың жұмысына оң көз қарас болуы.	Заңнамаларда (Кодекс, Қаулы) көмекті белгілеу мен тағайындау тәртібінде, тек өтініш берушінің мүддесі қаралған.
E (экономикалық)	Тұрғындардың экономикалық жағдайы түбегейлі болмағанымен, бір мәрте болса да отбасына кіріс ретінде қаржы көзі құйылады.	Бір реттік әлеуметтік қаржылай көмек облыстық (аудан, қала) бюджеттен қаралатын болғандықтан, өзге де жобаларға қаржылық тапшылық туындайды.
S (әлеуметтік)	Әлеуметтік осал топтар мен материалдық мұқтаждығы басым	Өтініш берушілер арасында жыл сайын белгілі топтар

	санаттар (отбасы, адам) анықталады.	(отбасы, адам) қайталануы, масылдыққа итермелеу орын алады.
Т (техногендік)	eGov.kz, Е-халық сынды электронды порталдардың ұтқырлығы	Нормативтік құжаттарды толтыру тәртібінің дұрыс ұсынылмауы. Мысалы, өтініш үлгісінде көмекті қажет етудегі мақсаты жазылмаған.

### Қорытынды.

Жоғарыда келтірілген талдаулар нәтижесіне сүйене отырып, бір реттік әлеуметтік (қаржылай) көмекті тағайындау мен белгілеу кезінде, өтініш беруші тарапынан көмекке мұқтаждықтың нақты себебі мен сұрау мақсаты айқын белгіленсе, сонымен қатар көмекті алғаннан кейін есебін ресми, дәлелді түрде жергілікті атқарушы органдарға тапсырса, мемлекеттік қызметті алушы мен беруші арасында ашықтық, шынайылық орын алады. Мысалға, 2023 жылдан бері мектепке дайындық кезінде ата-аналарға әлеуметтік жағдайы мен күн көріс деңгейін ескеріп, мектеп жасындағы әрбір бала басына қаржылай көмек беру бағдарламасы іске асып келеді. Және де қаражат көзінің жұмсалу бағы түбіртектер арқылы көрсетіліп, кері байланыс жасалады. Осы тәжірибе, бір реттік әлеуметтік көмек көрсету тәртібіне енгізілгені дұрыс деп тұжырымдаймын. Себебі, жұмыс процесі кезінде әлеуметтік көмектің осы түріне негізсіз өтініш берушілер санының артып отырғандығы байқалады. Сонымен қатар, әлеуметтік көмекке қол жеткізуді көздеу салдарынан әр түрлі заң бұзушылықтар орын алады.

### Ұсыныстар:

- Өтініш беру нысанына (үлгі) көмекке мұқтаждық деңгейін анықтайтын кесте қосу;
- Өтініш беру нысанына (үлгі) көмек сұраудың нақты мақсатын көрсететін кесте қосу;
- Көмек тағайындалып, қаражат соммасы өтініш берушінің жеке есеп шотына түскеннен кейін 15 жұмыс күні ішінде қаражатты жұмсау бағыты бойынша ресми, дәлелді түрде есеп тапсыру.

## Дерек көздері:

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000523>
2. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224/k23\\_224.htm](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224/k23_224.htm)
3. <https://egemen.kz/article/30676-atauly-aleumettik-komek-kerek-pe>
4. <https://zhaikuni.kz/atauly-leumettik-k-mek-turaly-ne-bilu-kerek/>
5. <https://egemen.kz/article/186525-atauly-aleumettik-komek-turaly-dgii-qoylatyn-10-suraq>